

Тіркеу № 101  
«03» желтоқсан 2014 ж.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің  
2014 жылғы «03» желтоқсандағы №5  
хаттамасымен бекітілді

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің  
корпоративтік әдеп кодексі**

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жалғыз акционерінің  
шешімімен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар:

№	Өзгерістер, толықтырулар енгізілді	Бекітілген күні	шешім №	тіркеу №
1	Хаттама	«13» маусым 2018ж.	№ 6	№ 76
2	Хаттама	«29» қаңтар 2021ж.	№ 1	№ 4
3	Хаттама	«29» наурыз 2023ж.	№ 4	№ 61
4	Хаттама	«__» _____ 201_ж.	№ ____	№ ____

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 201  
\_\_\_\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ хаттамасымен күшін жойды деп танылды.

## 1-тарау. Жалпы ережелер

*1-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы «13» маусымдағы шешімімен (№6 хаттама) бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес толықтырылды.*

1. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексі (бұдан әрі – Кодекс) Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

*2-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы «13» маусымдағы шешімімен (№6 хаттама) бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес алынып тасталды.*

2. Алынып тасталды.

*3-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы «13» маусымдағы шешімімен (№6 хаттама) бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес жаңа редакцияда баяндалды.*

3. Осы Кодекстің мақсаты – Қор қызметкерлерінің әріптестермен, салымшылармен (алушылармен) және серіктестермен қарым-қатынасы кезіндегі жалпы қағидаттар мен ережелерді белгілеу, оларды сақтау Қорда корпоративтік мәдениетті көтеруге, адалдық, ашықтық және өзара жәрдем беру жағдайын қалыптастыруға ықпал етеді.

*4, 5-тармақтарға «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы «13» маусымдағы шешімімен (№6 хаттама) бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес өзгеріс енгізілді.*

4. Осы Кодекстің реттеу нысаны **Қор** қызметкерлерінің өздерінің қызметтік міндеттерін, қаржылық жағынан мүдделілігін орындау кезіндегі, оның ішінде **Қордың** клиенттермен (салымшылармен/алушылармен), сонымен қатар мемлекеттік органдармен және «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамымен қарым-қатынасы бар басқа да тұлғалармен жұмыс жасаған кездегі мінез-құлқы болып табылады.

5. Кәсіби әдеп нормаларын сақтау атқаратын лауазымына, лауазымдық міндеттеріне және **Қордың** құрылымдық бөлімшелері құрамында екендігіне қарамастан **Қордың** барлық қызметкерлерінің міндеті болып табылады.

*«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы «13» маусымдағы шешімімен (№6 хаттама) бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 6-тармақ 1-1), 1-2) тармақшалармен толықтырылды, 6-тармақтың 4) тармақшасы жаңа редакцияда баяндалды, 8) тармақшасы алынып тасталды.*

*«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы «29» қаңтардағы шешімімен (№1 хаттама) бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 6-тармақтың 1-1), 1-2), 1), 6) және 7) тармақшаларына өзгеріс енгізілді, 7-1) тармақшамен толықтырылды.*

6. Осы Кодексте пайдаланылатын ұғымдар:

1-1) жақын туыстар – ата-ана (әкесі не шешесі), балалар, асырап алушылар, асырап алғандар, туған және туысқан аға-інілер және әпке-қарындастар/сінділер, ата, әже, немерелер; жұбайы (зайыбы), жұбайынның (зайыбының) жақын туыстары;

1-2) лауазымды тұлға – Қордың директорлар кеңесінің, Қор Басқармасының мүшесі; ~~атқарушы органының мүшесі немесе Қордың атқарушы органының қызметтерін жеке дара жүзеге асыратын тұлға;~~

1) мүдделі тұлғалар – Қордың қандай да бір әрекеттерді, соның ішінде басқа ұйымдармен немесе азаматтармен, егер олар осы ұйымдармен немесе азаматтармен еңбек қатынасында болса, осындай ұйымдардың қатысушылары, кредиторлары болып табылса, немесе осы азаматтардың жақын туыстары немесе жұбайы (зайыбы), сондай-ақ сүйек жақындары немесе кредиторлары болып табылса, бұл ретте көрсетілген ұйымдар немесе азаматтар Қор қызметтерін тұтынушылар немесе Қорға арналған өнімдерді, жұмыстарды немесе қызметтерді жеткізуші болса, Қордың толық немесе ішінара қалыптастырған мүлкінің иесі болса, немесе Қор мүлкін пайдаланудан, иелік етуден пайда алуы мүмкін және мәміле жасауына мүдделі Қор қызметкерлері;

2) инсайдерлік ақпарат - бағалы қағаздар, (туынды қаржы құралдары), олармен жасалатын мәмілелер туралы, сондай-ақ бағалы қағаздарды (туынды қаржы құралдарын) шығарған (берген) эмитент, ол жүзеге асыратын қызмет туралы коммерциялық құпияны құрайтын дәйекті ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға беймәлім, жария етілуі бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) құнының өзгеруіне және олардың эмитент қызметіне ықпал етуі мүмкін өзге де ақпарат;

3) Қор клиенттері – Қордың салымшылары/алушылары;

4) мүдделер дауы – Қордың лауазымды тұлғасының немесе қызметкерінің мүддесі олардың шешімдер қабылдау және міндеттерін атқару объективтілігі мен тәуелсіздігіне әсер етуі, сондай-ақ Қор салымшыларының (алушыларының), Қор акционерінің, Қордың мүддесіне орай әрекет ету міндеттемелеріне қайшы болуы мүмкін жағдайлар.

Қордың лауазымды тұлғаларының және/немесе қызметкерлерінің мүдделер дауы Қордың лауазымды тұлғасының және/немесе қызметкерінің Қор қызметіне және Қор қызметін қамтамасыз ету бойынша азаматтық-құқықтық шарттар жасау бойынша қызметке байланысты қызметтік міндеттерін жүзеге асыру барысында материалдық немесе жеке пайдасы бар жағдайларда туындауы мүмкін;

5) Қордың серіктестері – Қормен қарым-қатынас жасайтын заңды және жеке тұлғалар;

6) Қор қызметкерлері – Қормен еңбек қатынасындағы және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын кез келген жеке тұлғалар;

7) Қордың басқарушы қызметкерлері – ~~Қазақстан Республикасының заңнамаасына сәйкес~~ Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелері, Басқарма төрағасы мен мүшелері, Қордың бас бухгалтері, ~~Қордың бір немесе бірнеше құрылымдық бөлімшесінің қызметін үйлестіруді және (немесе) бақылауды жүзеге асыратын және уәкілетті органның нормативтік актілерімен көзделген, уәкілетті органға берілетін бағалы қағаздар нарығында мәмілелер жасауға негіз болатын~~ құжаттарға қол қою құқығы бар өзге де басшылар;

7-1) сүйек жақындар – аға-інілер, әпке-қарындас/сіңлілер, ата-аналар және жұбайының (зайыбының) балалары;

8) алынып тасталды.

2-тарау «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы «13» маусымдағы шешімімен (№6 хаттама) бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес жаңа редакцияда баяндалды.

## **2-тарау. Қор қызметкерлері мінез-құлығының негізгі ережелері**

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы «29» қаңтардағы шешімімен (№1 хаттама) бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 7-тармаққа өзгеріс және толықтыру енгізілді.

7. Кәсіби қызметін жүзеге асыру кезінде Қор қызметкері мынадай негізгі мінез-құлық ережелерін ұстанады:

1) адал, әділ, қарапайым, сыпайы болу, Қордың клиенттері мен серіктестеріне, әріптестерге құрметпен қарау және сабырлы болу, жалпы қабылданған моральдық-әдеп нормаларын сақтау;

2) Қор мүддесіне залал келтірердей жеке мүддесіне бой алдырмай әділ әрекет ету;

3) шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни нанымына, көзқарасына және басқа да айырмашылығына қарамастан барлығымен тең дәрежеде болу қағидатын ұстану;

4) ұжымда тұрақты және жағымды рухани-психологиялық жағдай жасауға, Қордың іскерлік беделін нығайтуға ықпал ету;

5) еңбек тәртібін мүлтіксіз сақтау, өз жұмыс уақытын ұтымды әрі тиімді пайдалана отырып, лауазымдық міндеттерін адал әрі сапалы орындау;

6) іскерлік әдеп пен ресми мінез-құлық қағидасын сақтау; ~~іскерлік қарым-қатынас әдебін сақтау~~

7) өзінің кәсіби деңгейін сақтау және көтеру, басқа мамандардың кәсіби деңгейін сақтауға және арттыруға ұмтылу;

8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын білу және қатаң сақтау;

9) өзінің кәсіби беделіне нұқсан келтіруі мүмкін кез келген іс-әрекеттен бойын аулақ ұстау;

9-1) қоғам тарапынан сынға себеп болмау, сын үшін қудалауға жол бермеу, өз қызметіндегі кемшіліктерді жою мен жақсарту үшін конструктивті сынды пайдалану;

10) конфиденциалдылық түзімін сақтау және конфиденциалды (жария емес) ақпаратты ашуға апаратын кез келген әрекеттен бас тарту;

11) шындыққа сай келмейтін мәлімет таратпау.

Қордың басшы қызметкерлері мен қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін атқару кезіндегі сырт келбеті Қор беделін нығайтуға көмектесіп, Қордың ішкі құжаттарына, ресмилік, ұстамдылық және ұқыптылық ерекшелендіретін жалпы қабылданған іскерлік стильге сай болуы тиіс.

## **8. Алынып тасталды.**

*Құжат «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы «29» қаңтардағы шешімімен (№1 хаттама) бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 2-1 тараумен толықтырылды.*

## **2-1 тарау. Жұмыстан тыс уақыттағы мінез-құлық стандарттары**

8.1. Қордың басшы қызметкерлері мен қызметкерлері жұмыстан тыс уақытта:

1) жалпы қабылданған моральдық-әдеп нормаларын ұстанауы, қоғамға қарсы мінез-құлық жағдайларына, оның ішінде адам құндылығын және қоғамдық адамгершілікті қорлайтын масаң күйде қоғамдық орындарда жүру жағдайларына жол бермеуі;

2) тиісті қызметтер алу кезінде қарапайым болуы, өзінің лауазымдық жағдайына ерекше көңіл аудартып, пайдаланбауы;

3) өз тарапынан қоғамдық адамгершілікке, тәртіп пен қауіпсіздікке қастандықпен ұштасқан заңнама талаптарын бұзуға жол бермеуі және басқа азаматтарды заңға қайшы, қоғамға қарсы іс-әрекет жасауға жұмылдырмауы тиіс.

## **3-тарау. Клиенттермен және серіктестермен қарым-қатынасы**

9. Клиенттермен және серіктестермен қарым-қатынас кезінде, Қор қызметкері:

1) қажеттілігіне қарай өзінің өкілеттігі мен құзыреті аясында толық кеңес береді;

2) Қор клиенттері мен серіктестерін өзара қарым-қатынасқа әсер ететін барлық өзгерістер туралы уақытында хабардар етеді;

3) Қор клиентінің мүддесін көздей отырып, көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту жұмыстарын жүргізеді;

4) клиенттер мен серіктестердің Қормен болашақта да жұмыс істеу ниеті болатындай қызмет көрсетуге тырысады;

5) клиенттер және серіктестермен қарым-қатынаста адалдық, кәсіпқойлық, әділдік, жауапкершілік танытады, олардың сұраныстарын қанағаттандыруға тырысады;

6) қандайда бір жеке тұлғаларға және ұйымдарға артықшылық бермейді, алаламай әрекет етеді;

7) дер кезінде даулы жағдайлардың алдын алады;

8) Қордың және оның қызметкерлерінің беделіне нұқсан келтіретін оқиғалар туындаған жағдайда, өз қарым-қатынасымен Қордың іскерлік беделін нығайтады, ұстанымын жақтайды, Қордың оң имиджін дамытуға ықпал етеді.

## **4-тарау. Әріптестермен қарым-қатынасы**

10. Әріптестермен өзара байланыс орнатып, Қор қызметкері:

- 1) қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін корпоративтік тәсілді нығайта отырып, өзара сыйластық, түсіністік және ынтымақтастық негізінде қарым-қатынас құрады;
- 2) іскерлік қарым-қатынаста сенім мен ашықтыққа құралған жайлы жұмыс жағдайын қалыптастырып, қолдайды;
- 3) Қордың қоғамдық бастамаларына қатысып, белсенділік танытады;
- 4) әріптестеріне қатысты дәрекілік, орынсыз мінез көрсету, әдепсіздік фактілеріне жол бермейді.

## **5-тарау. Басшының қарамағындағы қызметкерлермен қарым-қатынасы**

11. Қарамағындағы қызметкерлермен қарым-қатынас кезінде, басшы:

- 1) кәсіпқойлықтың, мақсаткерліктің және әдептілік үлгісі болады;
- 2) қарамағындағы қызметкерлерге қатысты негізсіз айып тағуға, дәрекілік, адами қадір-қасиетін кемсітуге, әдепсіздікке жол бермейді;
- 3) атқаратын лауазымына сәйкес міндеттері мен қызметтік өкілеттігінің ауқымын нақты белгілейді;
- 4) ұжымда қызметкердің кәсіби әлеуетін ашуға септігін тигізетін жағдай жасайды, олардың ұмтылыстары мен кәсіби өсуін қолдайды;
- 5) қызметкердің жеке басына емес, жұмыстағы тиянақсыздығы мен қателеріне сын айта отырып, жұмысты бағалаудың ортақ белгілерін қолданады;
- 6) жұмысқа ынтымақпен ерекшеленген қызметкерлердің еңбегін бағалай отырып, бастамаларын көтермелейді және ой-пікірлерін қолдайды.

*«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы «29» қаңтардағы шешімімен (№1 хаттама) бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 5-1 тарау жаңа редакцияда баяндалды.*

*Құжат «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы «13» маусымдағы шешімімен (№6 хаттама) бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 5-1 тараумен толықтырылды.*

## **5-1 тарау. Қор қызметкерлерінің әлеуметтік желілердегі мінез-құлық ережесі**

11-1. Қор қызметкері әлеуметтік желілердегі қарым-қатынас кезінде:

- 1) өз аккаунттарындағы әр жарияланымға және басқа пайдаланушылардың жарияланымдарына пікірге жауапты қарап, дұрыс пікір білдіруі тиіс;
- 2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын қатаң сақтауы тиіс.

11-2. Қор қызметкеріне:

- 1) Қордың ресми парақшаларына жазылуға, жазылушыларды қызықтырып парақшаларды қолдауға («Ұнайды» белгісін қоюға, жарияланымдарды сақтауға, жарияланымдармен бөлісуге);
- 2) өзінің жеке парақшасында Қор жарияланымдарын қайта пост жасауға;
- 3) төмендегі жағдайларда Қордың ресми парақшаларындағы жарияланымдарға пікір қалдыруға рұқсат етіледі:

Қордың жарияланымдарына пікірлер позитив не бейтарап сипатта болуы тиіс. Жағымсыз пікір/сын/контентті жақсарту бойынша ұсыныстар ішкі қарым-қатынас арналары арқылы жұртшылықпен байланыс бөлімшесінің маманына жіберілуі тиіс;

пікір сауатты әрі қызметкер құзыретіне кіретін мәселелерге қатысты болуы тиіс;

- 4) әлеуметтік желілердегі басқа аккаунттар/топтар/қауымдастықтар жариялаған Қор қызметі мен Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесі тақырыбындағы жарияланымдарға пікір қалдыруға, төмендегі жағдайларда басқа пайдаланушылардың сұрақтарына жауап беруге рұқсат етіледі:

қызметкер толықтай білікті және жарияланым тақырыбы оның лауазымдық міндеттеріне сай;



қызметкер жарияланған тақырыпқа қатысты дұрыс әрі өзекті ақпаратты біледі

11-3. Қор қызметкеріне:

1) зорлық-зомбылық, ылаңкестікті насихаттауға, ұлтаралық, конфессияаралық және әлеуметтік араздықты қоздыруға, билікке қарсы ашық агрессия білдіруге және сынауға, басқалардың ар-намысын таптауға, сондай-ақ қоқан-лоқы көрсетуге;

2) тексерілмеген және қасақана жалған ақпарат таратуға;

3) Қорға, оның қызметкерлеріне қатысты жағымсыз пікір жариялауға тыйым салынады. Барлық ескерту, ұсыныс/ұсыным тек Қор аясында тікелей басшыға, Қор басшылығына, жауапты бөлімшеге жіберілуі тиіс;

4) Қор беделін түсіретін немесе қаралайтын қандай да бір ақпаратты немесе суретті, немесе қоғам тарапынан Қор қызметін сынауға себеп болуы мүмкін, сондай-ақ зейнетақы жинақтарының құпиясына немесе Қордың конфиденциалды ақпаратына жататын ақпаратты орналастыруға тыйым салынады. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамында ақпарат ашу қағидасына сай Қордағы еңбек қызметін немесе міндеттерін атқаруды тоқтатқан Қор қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының конфиденциалды ақпарат тізбесіне қосылған ақпаратты 5 (бес) жыл ішінде ашуға құқығы жоқ.

11-4. Қор қызметкерлеріне:

1) Қор жұмысына қатысты сұрақ, талап немесе шағым кездестірген кезде бұл туралы әлеуметтік желілердегі Қордың ресми парақшаларын жүргізуге жауапты Жұртшылықпен байланыс бөлімшесінің қызметкеріне хабарлауға;

2) өз бастамасымен әлеуметтік желі пайдаланушыларымен Қор қызметіне қатысты мәселелер бойынша сөз таластырмауға;

3) тіптен тақырып өзекті әрі ол бойынша ойы болса да, Қорға қатысты мәселелер бойынша әлеуметтік желілер пайдаланушыларының пікірлеріне немесе топтардағы арандатқыш пікірталастарға қатысудан бас тартуға;

4) жария жауаптар беру мәселелері бойынша кеңесті Қор брендінің желілік қорғаушысы мәртебесін алған соң беруге кеңес беріледі.

11-5. Қор қызметкерлерінің ел алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеген кезде өз пікірін:

1) халыққа жария етуге рұқсат етілмеген қызметтік ақпаратты ашатын болса;

2) мемлекеттің, мемлекеттік басқару органдарының лауазымды тұлғаларына, басқа мемлекеттік қызметшілерге қатысты әдепсіз сөздері болса, жария етпегені жөн.

## **6-тарау. Мүдде дауы**

### **§ 1. Корпоративтік саясат**

*12-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы «13» маусымдағы шешімімен (№6 хаттама) бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес жаңа редакцияда баяндалды.*

12. Қордың лауазымды тұлғалары және қызметкерлері, сондай-ақ Қордың уәкілетті өкілдері мүдделер дауына апаруы немесе қауіп төндіруі мүмкін немесе Қор салымшыларының (алушыларының) және/немесе Қор акционерінің пайдасына және мүддесіне орай шешімдерді қарастырған және қабылдаған кезде Қордың лауазымды тұлғасы және/немесе қызметкері шешімінің тәуелсіздігіне және ағат пікірге әсер етуі мүмкін кез келген жағдайдан және әрекеттен бойын аулақ ұстауға міндетті. Қор мүддесіне орай әрекет ету міндеті лауазымды тұлғаның өз өкілеттіктері мен өз лауазымына байланысты мүмкіндіктерін тек Қор мүддесінде пайдалануы тиістігін көздейді.

*«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы «29» наурыздағы шешімімен (№4 хаттама) бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес құжат 12-1 тармақпен толықтырылды.*

12-1. Мүдделер дауын болдырмаудың негізгі қағидаттары, оларды анықтау, бағалау және шешу тәсілдері «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауын басқару саясатында бекітілген.

13. Мүдделер көрінісі де орын алған мүдделер дауы секілді Қор беделі үшін зиян болуы мүмкін және осы даудың көрінісін дауға қатысқан тұлғалардың сезінуі қиын. Қордың барлық қызметкерлері өз іс-қимылын жан-жақты бағалауы тиіс және заңды мүдделі емес бақылаушының (клиенттің, жалғыз акционердің, серіктестің немесе мемлекеттік өкілдің):

- 1) ақпараттың құпиялылық сипаты бұзылуда;
- 2) Қор мүлкіне жауапкершілік және олар дұрыс басқарылмауда (фидуциарлық міндеттер);
- 3) Қормен жасалатын жұмыстар тек достық қатынаста, отбасылық байланыс, материалдық құндылықтар алу немесе сыйға тарту немесе айрықша мүддесі бар топ арқылы ғана жүзеге асырылуда;

- 4) Қор атауы қызметкерлер немесе олардың отбасы мүшелері өздерінің саяси, инвестициялық қызметін жүзеге асыруда немесе жеке сауда жасағанда өздерінің мүмкіндігін күшейту құралы ретінде қолдануда деп пайымдауына негіз бар ма деген сауалды өзіне қоюы тиіс.

*«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы «29» қаңтардағы шешімімен (№1 хаттама) бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 13-1 тармаққа өзгеріс негізілді.*

*Құжат «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы «13» маусымдағы шешімімен (№6 хаттама) бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 13-1 тармақпен толықтырылды.*

*«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы «29» наурыздағы шешімімен (№4 хаттама) бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 13-1 тармақ 4-бөлікпен толықтырылды.*

13-1. Мүдделер дауын тудыратын жағдайлар мынадай санаттарға бөлінеді:

- 1) ішкі мүдделер дауы;
- 2) сыртқы мүдделер дауы.

Ішкі мүдделер дауы Қордың лауазымды тұлғасы және қызметкері және/немесе Қор қызметкерлері өзара жақын туыс немесе жұбайы (зайыбы), сондай-ақ сүйек жақындар болған және жоғарыда аталған тұлғалардың бірінің Қор қызметінің мәселелері бойынша шешімді қарастыруы, қабылдауы екіншісіне жеке пайда алып келуі мүмкін жағдайда туындауы мүмкін.

Сыртқы мүдделер дауы Қор қызметін қамтамасыз ету бойынша азаматтық-құқықтық шарттар жасау мәселелері бойынша шешімдер қарастыру мен қабылдауға тікелей қатысатын Қор қызметкері немесе лауазымды тұлғасы не оның жақын туыстары немесе жұбайы (зайыбы), сондай-ақ сүйек жақындары Қор қызметін қамтамасыз ету бойынша азаматтық-құқықтық шарттарды Қор жасаған және орындаған кезде материалдық немесе жеке пайда алуы мүмкін жағдайда туындауы мүмкін.

Бұл ретте, Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелері, сондай-ақ олардың жақын туыстары немесе жұбайы (зайыбы), сондай-ақ жекжаттары жасау бойынша шешімді Директорлар кеңесі қабылдайтын мәмілелер бойынша ғана сыртқы мүдделер дауының қатысушылары ретінде қаралуы мүмкін.

*«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы «29» наурыздағы шешімімен (№4 хаттама) бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 14-тармақ жаңа редакцияда баяндалды.*

14. Қызметкердің қатысуымен әлеуетті мүдделер дауы туындаған жағдайда, даудың сипаты мен деңгейі «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауын басқару саясатына сәйкес тиісті шараларды айқындайтын Қор тұлғаларының немесе органының назарына дереу жеткізілуі тиіс.

*«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы «29» наурыздағы шешімімен (№4 хаттама) бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 15-тармақ жаңа редакцияда баяндалды.*

15. Басқарма немесе Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуымен әлеуетті мүдделер дауы туындаған жағдайда, даудың сипаты мен деңгейі дереу корпоративтік хатшының назарына жеткізілуі тиіс, ол содан кейін бұл істі «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауын басқару саясатына сәйкес Қор тұлғасына немесе органына ұсынады.

*15-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы «13» маусымдағы шешімімен (№6 хаттама) бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 15-1 тармақпен толықтырылды.*

15-1. Қор мүдделерінің дауын анықтау, айқындау және басқару үдерісін тиісінше реттеу және бақылау тәртібіне Қордың Директорлар кеңесі бекіткен «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауын басқару саясатында регламент белгіленеді.

## § 2. Сенімді тұлғаны тағайындау

16. Басқарма мүшесі, дербес құрылымдық бөлімнің жетекшісі немесе Қордың өзге де қызметкері немесе Басқарма мүшесінің, дербес құрылымдық бөлім жетекшісінің немесе өзге де қызметкердің жұбайы сенім білдірілген тұлға немесе Қор клиенттерінің (орындаушы, басқарушы, қамқоршы) немесе басқа тұлғалардың, фирмалардың, компаниялардың және корпорациялардың сенім білдірілген тұлғалар тобының мүшесі ретінде тағайындалмас бұрын Қордың Басқарма төрағасының алдын ала келісімін алуы қажет.

17. Сәйкеспейтін іс-әрекеттерді болдырмау үшін Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің сенім білдірілген тұлға немесе Қор клиенттерінің (орындаушы, басқарушы, қамқоршы) немесе басқа тұлғалардың, фирмалардың, компаниялардың және корпорациялардың сенім білдірілген тұлғалар тобының мүшесі ретінде тағайындалуын саналы түрде түсініп, ептілік танытуға тиіс.

## § 3. Тыйым салынған тәжірибе

*«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы «29» қаңтардағы шешімімен (№1 хаттама) бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 18-тармаққа өзгеріс негізілді.*

*18-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы «13» маусымдағы шешімімен (№6 хаттама) бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес жаңа редакцияда баяндалды.*

18. Қордың Басқарма мүшелері мен барлық басқа қызметкерлеріне жақын туыстарымен немесе жұбайымен (зайыбымен), сондай-ақ сүйек жақындарымен Қор атынан мүдделер дауын тудыруы мүмкін қызметпен айналысуға рұқсат етілмейді. Аталған бөлім мұндай қызметке мүлдем тыйым салмайды, бірақ мүдделер дауын тудыруы мүмкін қызметке тыйым салады. Мұндай қызмет жұмысты жүргізуге Қор мүддесін сақтаудан өзге мүддесі жоқ Басқарманың басқа мүшесіне немесе басқа қызметкерге берілуі тиіс.

*«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы «29» қаңтардағы шешімімен (№1 хаттама) бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 19-тармаққа өзгеріс негізілді.*

19. Қор филиалының басшысы Қор мен өзінің; оның жақын туыстарының немесе жұбайының (зайыбының), сондай-ақ сүйек жақындарының; өзі немесе оның жақын туыстары немесе жұбайы (зайыбы), сондай-ақ сүйек жақыны ірі қатысушы немесе басқарушы қызмет атқаратын тұлға болып табылатын кез келген заңды тұлғаның арасындағы кез келген мәміле бойынша шешімдерді қарастыру мен қабылдауға қатыспауы тиіс.

## § 4. Басқа да еңбек қызметі

20. Егер Қордың Басқарма төрағасының тарапынан, ал Басқарма мүшелеріне қатысты Директорлар кеңесінің басқа қызметтің жұмыс тиімділігіне кері әсер етуіне немесе Қормен



мүдделер дауын тудыруына негізделген қарсылығы болмаса, басқа да қызметпен айналысуға болады.

Азаматтық немесе саяси қызметке тартылған Қор қызметкерлері Қор өкілі ретінде емес, жеке тұлға ретінде ғана қызметпен айналысуы тиіс.

## **§ 5. Кеңестерде, қоғамдық ұйымдарда корпоративтік мүше болу**

21. Басқарма мүшелері және Қордың басқа да қызметкерлері корпоративтік кеңеске, қоғамдық ұйымдарға немесе комиссияларға, немесе басқару органының мүшелігіне коммерциялық немесе коммерциялық емес ұйымның атқарушы органының мүшелігі лауазымына сайлану не тағайындалу кезінде мұндай қызметтің әлеуетті мүдделер дауын болдырмайтынына сенімді болуы керек. Осындай қызметке қатысу қажеттілігіне қатысты кез келген мәселе Қордың Басқарма төрағасының, Басқарма мүшелеріне қатысты – Қордың Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылуы тиіс.

22. Егер Қордың Басқарма төрағасының, басшы қызметкерлерге қатысты - Директорлар кеңесінің ерекше мақұлдауын алмаған болса, Қордың басшы қызметкерлері мен басқа да қызметкерлер:

Қормен бәсекелес; немесе

Қорға қандай да бір төлемдер не басқа да міндеттемелер бойынша едәуір берешегі бар; немесе

Қормен маңызды құқықтық дау немесе сот процесіне тартылған заңды тұлға-компания/ұйымдардың Кеңесінде не ұйымында бола алмайды.

## **7-тарау. Корпоративтік жағдайды немесе мүлікті тиісінше пайдаланбау**

### **§ 1. Қор қызметкерлері қабыл алатын сыйлықтар**

23. Директорлар кеңесінің, Басқарманың мүшелері немесе Қордың өзге қызметкерлері Қор атынан келіссөздер жүргізетін, өтініш білдіретін немесе қызметті жүзеге асыру бойынша қолдау алатын қандай да бір тұлғалардан ақшалай қаражат, сыйлықтар, ерекше қызметтер, жеңілдіктер немесе мүлікті не қаражатты пайдалану мүмкіндігін қабылдамауы қажет.

24. Қор өз қызметкерлерінен клиенттерге сыйақы күтпестен әрқашан тиімді және сыпайы қызмет көрсетуді талап етеді. Үйлесімсіз қылық таныту ишарасына жол бермеу үшін әрбір қызметкердің немесе қызметкер жұбайының не балаларының тиісті ықпал етуге кішкентай болса да күдік тудыратын кез келген сыйлықты қабылдаудан бас тартқаны абзал.

*25-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы «13» маусымдағы шешімімен (№6 хаттама) бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 25-1 тармақшамен толықтырылды.*

25. Қорға жіберілген сыйлықтар Қордың арнайы белгіленген жерлерінде сақталады.

*«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы «29» қаңтардағы шешімімен (№1 хаттама) бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 25-1 тармаққа өзгеріс негізілді.*

25-1. Қордың басшы қызметкерлері өзіне немесе жақын туыстарына немесе жұбайына (зайыбына), сондай-ақ сүйек жақынына сыйлық беру туралы шешім талап етпеуі және қабылдамауы, Қор клиенттерінің және/немесе Қор акционерінің мүддесін бұзып үшінші тұлғаларға пайда және жеңілдіктер бермеуі, өзінің қызметтік жағдайына қарай Қор беретін қандай да бір артықшылықты өз мақсаттарына және жақын туыстарының немесе жұбайының (зайыбының), сондай-ақ сүйек жақынының мақсаттарына пайдаланбауы тиіс.

### **§ 2. Жеңілдіктер**

*26-тармаққа «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы «13» маусымдағы шешімімен (№6 хаттама) бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес өзгеріс енгізілді.*

*«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы «29» қаңтардағы шешімімен (№1 хаттама) бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 26-тармаққа өзгеріс негізілді.*

26. Қордың **лауазымды тұлғалары және** қызметкерлері **немесе олардың жақын туыстары немесе жұбайы (зайыбы), сондай-ақ сүйек жақындары:**

- 1) Қор қызметкерлері үшін айрықша бағдарламаларды/қызметтерді;
- 2) егер сатып алынатын мүліктің сатып алу құны нақты нарықтық бағада болса және бұл баға тиісінше жазбаша түрде тіркелсе, Қор мүлкін сатып алуды;
- 3) Қордың ағымдағы саясатында айқындалған талаптардағы Қор өнімдерін қоспағанда, Қордың мүлкін, қызметтерін немесе бұқара халыққа қолжетімді емес негізде немесе жағдайда пайда табу мүмкіндігін жеке мақсатта пайдалана алмайды немесе сатып ала алмайды.

### **§ 3. Саясатқа тарту**

27. Қор немесе оның атынан әрекет ететін тұлға саяси орындарға сайлау бойынша қызметке байланысты ақшалай қаражат немесе басқа бағалы активтер түріндегі шығыстар немесе жарналар жасамауы тиіс, сонымен қатар саяси үміткерге немесе партияға кеңсе жабдықтарын өтеусіз беру арқылы қаржылық емес қолдау көрсетуге болмайды. Алайда, саяси және азаматтық қызметке жеке өзі қатысса, бұл қызмет жұмыс тиімділігіне кері әсерін тигізбейтін болса құпталады.

### **§ 4. Сәйкеспейтін операциялар мен төлемдер**

28. Егер Қор әрекет етуге айрықша өкілеттік бермесе, Қор қызметкерлеріне Қор атынан құжаттарға қол қоюға немесе қандай да бір басқа жолмен Қор атынан өкілеттік беруге немесе оны жүзеге асыруға рұқсат етілмейді. Қор мүлкін жеке мақсатта, сонымен қатар Қор қызметкерлері жеке операцияларды жүзеге асыруда немесе сыртқы қатынастарда Қор атын немесе оның кез келген ресурсын өз мүмкіндігін жақсарту үшін пайдалануға болмайды.

29. Жеке тұлғамен немесе ұйыммен Қор қызметін жүзеге асыру кезінде, Қордың іскерлік операцияларын қолдау, сондай-ақ мәміле жасау және жүзеге асыру кезінде аталған тұлғаға немесе ұйымға ықпал ету мақсатында пара алуға немесе беруге, заңсыз төлемдер немесе осы тектес сыйақы немесе кез келген өтемақы түрін беруге болмайды.

30. Бағалы қағаздар нарығында мәміле жасайтын Қордың қызметкерлеріне жеке мақсатта немесе үшінші тұлғалардың мүддесіне орай инсайдерлік ақпаратты пайдалануға және өкім етуге тыйым салынады.

*31-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы «13» маусымдағы шешімімен (№6 хаттама) бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес алынып тасталды.*

31. **Алынып тасталды.**

32. Қор қызметкерлеріне Қор атынан мәмілелерді жасау бойынша келіссөздерге байланысты сыйлықтар немесе төлемдер қабылдауға және сұрауға тыйым салынады.

*33-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы «13» маусымдағы шешімімен (№6 хаттама) бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес жаңа редакцияда баяндалды.*

33. Қор Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ сыбайлас-жемқорлық тәжірибесі мен заңсыз мәмілелерге қарсы бағытталған халықаралық нормаларды сақтайды.

## **8-тарау. Кодекс ережелерінің орындалуын бақылау**

*34-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы «13» маусымдағы шешімімен (№6 хаттама) бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес алынып тасталды.*

**34. Алынып тасталды.**

*«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы «29» қаңтардағы шешімімен (№1 хаттама) бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 34-1 тармақ қосылды.*

34-1. Дербес бөлімшелердің басшылары Қор қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қордың ішкі нормативтік құжаттарын және кәсіби қызмет, мүдделер дауын реттеу, Қор жүргізетін операциялар сипатына сай келетін тиісті сенімділік деңгейін қамтамасыз ету және қаржы нарықтарындағы қызмет тәуекелдерін барынша азайту бойынша стандарттарды сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді.

Қор акционері мен клиенттерінің мүдделерін қорғау мақсатында Қорда тәуекелдерді басқару, қауіпсіздік бөлімшелері, заң бөлімшесі және қызметкерлерді басқару бөлімшесі құрылады және жұмыс істейді.

35. Қордың ішкі аудит бөлімшесі, сондай-ақ сыртқы аудиторлар жүргізілген операция талаптарын, сонымен қатар олардың акционерге, Қор клиенттеріне және басқа да мүдделі тараптарға қолжетімді болуын, оның Қордың қаржылық есептілігінде көрсетілуін тексереді.

36. Кодекстің 35-тармағында көрсетілген бөлімше қызметкерлерінің саны мақсатқа тиімді жету және ішкі бақылау міндеттерін шешу үшін жеткілікті болуы тиіс.

*«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы «29» қаңтардағы шешімімен (№1 хаттама) бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 37-тармақтың 1-азатжолы жаңа редакцияда баяндалды.*

37. Кодекстің 34-1 және 35-тармақтарында көрсетілген бөлімшелердің құзыретіне олардың өкілеттілігінің аясында жалпы Қордың және Қор қызметкерлерінің төмендегілерді орындауын қамтамасыз етуді бақылау жатады:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарын орындау;
- 2) Қордың ішкі құжаттарында Қордың, оның қызметкерлері мен клиенттерінің мүдделеріне қатысты кез келген шешімдерді қабылдаған кезде белгіленген рәсімдер мен өкілеттіктерді айқындау;
- 3) Қор қызметіндегі анықталған кемшіліктерді және бұзушылықтарды жоюға бағытталған уақтылы және тиімді шешімдерді қабылдау;
- 4) алып тастау;
- 5) алып тастау;
- 6) Қордың қызметі және онымен байланысты тәуекелдер туралы толық ақпарат алуға болатын дұрыс есептілік жасау;
- 7) ішкі аудиттің тиімді қызмет етуін және сыртқы аудиторлармен, мемлекеттік реттеуді, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылайтын және қадағалайтын органдармен өзара тиімді қарым-қатынаста болу.

*«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы «29» қаңтардағы шешімімен (№1 хаттама) бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 8-тарау 37-1 тармақпен толықтырылды.*

37-1. Қор қызметкерлерінің Кодексті тиісінше сақтауын қамтамасыз етуді қауіпсіздік және қызметкерлерді басқару бөлімшелері бақылайды.

Дербес бөлімшелер мен Қор филиалдарының басшылары жарты жылда бір рет Қор қызметкерлерінің Кодекс талаптарын сақтауына мониторинг жүргізіп, қауіпсіздік және қызметкерлерді басқару бөлімшелеріне 10 қаңтардан және 10 шілдеден кешіктірмей осы Кодекстің қосымшасына сай Кодекс талаптарын бұзған Қор қызметкерлері туралы мәліметті қамтитын есепті кезең үшін ақпарат береді.

Қызметкерлерді басқару бөлімшесі көрсетілген деректерді алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей ақпаратты жинап, Қордың Басқарма Төрағасының қарастыруына қызметтік жазбамен жібереді.

Бөлімшелер берген деректерде ерекше белгілер (конфиденциалды ақпаратты жариялау) болған жағдайда, қауіпсіздік бөлімшесі:

1) қызметтік тергеу жүргізу тәртібі мен талаптарын реттейтін Қордың ішкі нормативтік құжатымен көзделген мерзімде конфиденциалды ақпаратты жариялау дерегі бойынша қызметтік тергеу жүргізеді. Расталған деректермен қызметтік тергеу нәтижесі қызметтік жазба құрамында Қордың Басқарма Төрағасының қарастыруына шешім қабылдау үшін жіберіледі;

2) «Корпоративтік портал» бағдарламалық қамтамасыз етуі арқылы жасалатын Тәуекел оқиғалардың электрондық журналына тәуекел оқиғаны тіркеп (тіркелмеген кезде), оларды шоғырландыру, жою және келешекте болуының алдын алуға бағытталған (оның ішінде Басқарма Төрағасының шешімінен шығатын) түзету/алдын алу шараларын көрсетеді;

3) Қор қызметкерлерін жауапкершілікке тарту мәселелерін реттейтін Қордың ішкі құжаттарымен көзделген тәртіппен іс-әрекет жасайды.

38. Қордың Директорлар кеңесі Кодексті бекітеді және Қордың Басқарма төрағасына Қордағы оның ережелерінің орындалуын бақылауды жүктейді.

39. Қордың әрбір қызметкері Кодекспен танысуға және оның ережелеріне бағынуға міндетті.

40. Қордың басқарушы немесе басқа маңызды лауазымдарындағы (бөлімшелердің басшылары) қызметкерлер мүдделер дауы туындаған жағдайда Қордың мәмілесі мен жүргізген операцияларындағы өзінің жеке мүддесі туралы ақпаратты осы Кодекстің ережелерін одан әрі сақтайтындығының куәлігі ретінде ұсынуы тиіс.

41. Қордың Басқарма мүшелері Қор қызметкерлерінің осы Кодекс ережелерін тұрақты түрде сақтауын қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерін салуы тиіс.

*«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы «29» қаңтардағы шешімімен (№1 хаттама) бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 8-тарау 41-1 тармақпен толықтырылды.*

41-1. Осы Кодекс талаптарын бұзғаны үшін Қордың басшы қызметкерлері және қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес тәртіптік және басқа жауапкершілікке тартылады.

## **9-тарау. Қорытынды ереже**

42. Осы Кодекс ережелері қажеттілігіне қарай қайта қаралады.

43. Қордың Директорлар кеңесі Кодекс және оған өзгертулер мен толықтыруларды бекітеді.

*44-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы «13» маусымдағы шешімімен (№6 хаттама) бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес қосылды.*

44. Осы Кодексте тікелей реттелмегеннің барлығында Қор Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары мен талаптарын және Қордың ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

**Басқарма төрағасы**

**Ж. Курманов**

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексі	13-бет 13-тен
---	---	------------------

Қосымша «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы «29» қаңтардағы шешімімен (№1 хаттама) бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес қосылды.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің \_\_. \_\_.2020 ж. №5 хаттамасымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтыруларға қосымша

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 03.12.2014 ж. №5 хаттамасымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексіне қосымша

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексінің талаптарын бұзған «БЖЗҚ» АҚ қызметкерлері туралы мәліметтер**

№	Бөлімше (оның ішінде филиал) атауы	Кодекс талаптарын бұзған қызметкердің ТАӘ	Бұзушылық сипаты	Ерекше белгілер (конфиденциалды ақпаратты жариялау)
1	2	3	4	5